

КЕЙС

Оқшау сөздердің
сөйлемдегі орны



СӨЙЛЕМДЕГІ
ОҚШАУ
СӨЗДЕР



ҚАРАТПА
СӨЗ



ҚЫСТЫРМА
СӨЗ



ОДАҒАЙ
СӨЗ



Қаратпа сөз

Сөйлемнің басында,
ортасында,
соңында да келе береді

Сөйлем мүшесі бола
алмайды.

Көтеріңкі әуенмен
айтылғанда
көбінесе одағайларға
қосылады.

Қаратпалар ерекше
шақыру
интонациясымен
айтылады.

Айтылар ойдың алуан
түрлі
қорқу, жеку, қуаныш,
сыйлау т.б
мағыналық қырларын
көрсетеді.

Кейс сұрағы:

- Қаратпа қызметінде жұмсалатын сөздер, көбінесе кісінің аты, фамилиясы, әкесінің аты және кім? Деген сұрақ қоюға болатын шырақ, нағашы, апа, жолдастар, балалар, оқушылар сияқты зат есімдер. Олар бұл қызметте түбір күйінде, көптік, тәуелдік жалғаулы қалпында – атау септігінде жұмсалады. Бұның себебін қалай түсіндіресіз?

**Қаратпа
қызметінде
жұмсалатын
сөздер:**

Кісінің аты

Фамилиясы

Әкесінің аты

Нағашы,апа

Балалар

Жолдастар,

Оқушылар, т.б.

Мысалдыр:

-Дәмелі, бақшаға барайық,
--деді Рахмет.

-Ақа, қозың бүгін түгел ме?
-(Атау септігінде жұмсалған)

-Түгел, қарағым.

-(Тәуелдік жалғауының I жағы)

**Балалар, аманбысың,
шырақтарым, (Көптік, тәуелдік)**

**Майысып көлге біткен
кұрақтарым? (Көптік, тәуелдік)**

**Кел, балалар, оқылық!
(Көптік жалғауы)**

**Домбырам, күйден жаңылма
(Тәуелдік жалғауының I жағы)**

Мысалы:

- - Дәмелі, бақшаға барайық, -деді Рахмет.
- - Ақа, қозың бүгін түгел ме? (Атау септігінде жұмсалған)
- - Түгел, қарағым. (Тәуелдік жалғауының I жағы)
- Балалар, аманбысың, шырақтарым, (Көптік, тәуелдік)
Майысып көлге біткен құрақтарым? (Көптік, тәуелдік)
- Кел, балалар, оқылық! (Көптік жалғауы)
- Домбырам, күйден жаңылма (Тәуелдік жалғауының I жағы)

ҚЫСТЫРМА СӨЗ

Сөйлемдегі ойға, айтылу мәніне жазушының, сөйлеушінің көзқарасын білдіретін оқшау сөздің түрін қыстырма сөз дейміз

Адамның көңіл күйін, сезімін білдіреді (амал қанша, несін айтасың т.б.):
Бақытымызға қарай, барлығына уақытында үлгердік.

Ойға, пікірге жорамал жасау мағынасында болады (әрине, әлбетте, сірә, расында т.б.): Қазір ойласа, шынында, ол кезде тым анқау да екен.

Ойдың пікірдің, сөздің айтылу амалын, тәсілін көрсетеді (қысқасы, былайша айтқанда, демек, ендеше т.б.): Сайып келгенде, бұл өздерің үшін керек.

ОДАҒАЙДЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ:

Көңіл-күй
одағайлары

Жекіру
одағайлары

Шақыру
одағайлары

Одағай сөздер лексикалық мағынаға ие емес. Сондықтан сөйлем ішінде басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түсе алмайды. Бірақ лексикалық мағынасы жоқ көмекші сөздерге де ұқсамайды. Одағайлар сөйлем ішінде оқшауланып, дауыс ырғағы арқылы бөлініп тұрады. Сонымен, сөйлем ішінде ерекше көңіл-күйді аңғартып, айтылу ырғағы жағынан бөлініп тұратын сөздер одағай сөздер деп аталады

- Тыңда, дала Жамбылды
- Тыңда, Қастек, Қаскелең, (Атау септігінде жұмсалған)
- Сөйлесін кәрі бауырың.

- Арылма, өлең, арылма.
- Домбырам, күйден жаңылма!

- Өзгеге, көңілім, тоярсың,
- Өлеңді қайтіп қоярсың? (Тәуелдік жалғауының I жағы)

- 
- Аңсаған менің арманым,
 - жеттім бе бүгін шегіне
 - Жолдастар, ертең клубта жиналыс болады

(Көптік жалғауы)